

Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы

Күші жойғал

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2009 жылғы 05 қазандағы N 163-30 шешімі. Алматы облысы Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылдың 12 қарашасында N 2-2-95 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 243-48 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2010.12.22 N 243-48 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараныз).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 422 бабының 2 тармағына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қапшағай аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың экономикалық және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

х а т ш ы с ы

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т
Андаржанова М.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң
Ахметтаев Қ.

«Тіркелген бірыңғай салық
ставкаларын бекіту туралы»
Қапшағай қалалық мәслихатының
2009 жылғы 05 қазандағы № 163-30
шешіміне қосымша

№№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	6
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	25
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	12

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК